



Панорамалық сабақ.



Тақырыбы:



"Ұ" дыбысы мен әрпі



Күні:

Пәні:

Сауат ашу



Сабақтың мақсаты:

Білімділік

Балаларды Ұ дыбысы мен әрпімен таныстыру, сөз ішіндегі дыбыстың жуан дауысты екенін ұғындыру. Ұ дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.

Дамытушылық

Балалардың бойында табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамыту.

Тәрбиелік


Оқушыларды ұқыптылыққа, әдептілікке, тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.



Сабақтың түрі: аралас сабақ, пәнаралық байланыс түрінде комплексті білім беру. (Табиғат, өмірмен, математика, тіл дамыту, жапсыру, музыкамен, дене тәрбиесімен).

Сабақтың әдісі – тәсілдері: ойын элементтері, көрнекілік, сұрақ – жауап, сөздік.

Көрнекі құралдар: ойыншықтар, кеспе әріптер, суреттер, буындар, үлестірмелі материалдар, текшелер т.б.



Сабақтың барысы

I Ұйымдастыру кезеңі




Балалар, сәлемдесу туралы мақал – мәтелді еске түсірейікші “Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені ”

Сәлемдесу:

*Мен талапты баламын,
Дайын дәптер, қаламым.*

*Есептерді шығарып,
Жазуларды жазамын.*

II Өткен сабақты еске түсіру



Сөздерді оқы:

Жа


қ

с

ға




Жаңа сабақ



Қане, балалар жұмбақ шешейік.

**Ұя, ұлу, ұшақтың
Басын бастап беремін.
Құс, жұмыртқа, бұтақтың,
Ортасында келемін.**





- Ендеше бүрінгі қонаққа келетін дыбыс Ұ дыбысы екен.
- Ұ дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?
- Жуан ба , жіңішке ме?
- Жуан дауысты дыбыс.



Сергіту жаттығуы:

*Қане, қанат жазайық,
Қарлығаш болып ұшайық.
Тік ұста бойыңды
Жоғары соз қолыңды,
Соз қолыңды тағы да,
Жеткіз жираф мойнына.*



Оқулықпен жұмыс

Ұу

Ұ → Лу

ҰЛУ

СҰЛУ.

Б → Ұ

БҰ

БҰЛАН

БҰҒЫ

Қ → Ұ

ҚҰ

ҚҰРАН

С → Ұ

СҰ

СҰР

ҚҰЛАН


Дәптермен жұмыс

Ұұ

Сергіту сәті

**Жаза, жаза жазуды,
Талып кетті қолымыз.
Жақсы жазып жазуды,
“5” аламыз бәріміз**

"Құстың ұясы" ертегісі



а) Балалардың ісі дұрыс па?

б) Құстарға қандай қамқорлық жасау керек?


-Балалар қазір біз құстарға қамқорлық жасап, “ұя” салып көрейік.







V. Жаңа сабақты қорытындыла

1. **Дыбыс дегеніміз не?**
2. **Әріп деп нені айтамыз?**
3. **Бүгін қай әріппен таныстық?**
4. **Тағы басқа сөйлем құра.**







Happy New Year 2012